

Тіркеу №18  
«28» сәуір 2017 ж.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің  
2017 жылғы 28 сәуірдегі №3  
хаттамасымен бекітілді

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының қолданыстағы және әлеуетті мүдделер дауын басқару саясаты**

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің хаттамасымен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар:

№	Өзгерістер, толықтырулар енгізілді	Бекітілген күн	Хаттама №	Тіркеу №
1	Хаттама	«12» сәуір 2019ж.	№ 2	№ 25
2	Хаттама	«12» маусым 2020ж.	№7	№60
3	Хаттама	«26» маусым 2024 ж.	№11 ____	№97 ____
4	Хаттама	«__» _____ 20__ ж.	№ ____	№ ____

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ №\_\_ хаттамасымен күші жойылды деп танылды.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының қолданыстағы және әлеуетті мүдделер дауын басқару саясаты	2-бет 10-нан
---	--	--------------

## 1. Жалпы ережелер

1. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының қолданыстағы және әлеуетті мүдделер дауын басқару саясаты (бұдан әрі – Саясат) – Қордың қолданыстағы және/немесе әлеуетті мүдделер дауын анықтау, айқындау және басқару үдерісін тиісінше реттеу мен бақылау тәртібін белгілеу мақсатында әзірленген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының ішкі құжаты.

*«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 12.06.2020 жылғы №7 хаттамасына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.*

*«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 26.06.2024 жылғы №11 хаттамасына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.*

2. Саясат Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілеріне, оның ішінде Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 7 маусымдағы №40 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидасының талаптарына және Қордың ішкі нормативтік құжаттары сәйкес әзірленді.

3. Осы Саясатта қолданылатын терминдер және анықтамалар:

1) ~~жақын~~ туыстар – ата-ана (әкесі не шешесі), балалар, асырап алушылар, асырап алғандар, туған және туысқан аға-інілер және әпке-қарындастар/сіңлілер, ата, әже, немерелер, жұбайы (зайыбы), жұбайының (зайыбының) ~~жақын~~ туыстары;

2) Қордың лауазымды тұлғасы – Директорлар кеңесінің Төрағасы және мүшелері, Басқарма Төрағасы және мүшелері;

2-1) комитет – тұрақты жұмыс істейтін Қордың алқалық органы;

2-2) контрагент – азаматтық-құқықтық шарт тараптарының бірі;

3) Қор қызметкері – жұмыс берушімен еңбек қатынасындағы және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға, оның ішінде уәкілетті тұлға;

~~3-1) басшы қызметкер – Қордың бір немесе бірнеше бөлімшесінің қызметін үйлестіру мен (немесе) бақылауды жүзеге асыратын және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен көзделген уәкілетті органға берілетін құжаттарға қол қою құқығы бар басқарушы директор, бас бухгалтер;~~

4) Қор бөлімшесі – орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелері, Қор филиалдары;

4-1) уәкілетті орган – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

4-2) уәкілетті тұлға – мемлекеттік қызметтерді орындауға өкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген тұлға – Қорда басқару қызметтерін орындайтын тұлға, сондай-ақ сатып алуды ұйымдастыру және өткізу бойынша шешімдер қабылдауға өкілеттік берілген, Қордағы дербес құрылымдық бөлімше басшысынан төмен емес лауазымдағы тұлға.

Уәкілетті тұлғалар лауазымдарының тізбесі Қорда кадрлық іс жүргізуді реттейтін ішкі нормативтік құжатпен айқындалады;

5) мүдделер дауын басқару – Қордың лауазымды тұлғасының немесе қызметкерінің мүддесі олардың шешімдер қабылдау мен міндеттерді орындау объективтілігіне және тәуелсіздігіне әсер етуі, сондай-ақ олардың міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың (зейнетақы төлемдерін алушылардың),

<i>«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ</i>	<i>«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының қолданыстағы және әлеуетті мүдделер дауын басқару саясаты</i>	<i>3-бет 10-нан</i>
--	---	---------------------

нысаналы талаптарға қатысушылардың, нысаналы жинақтарды алушылардың, Қор акционерінің, Қордың мүддесіне орай әрекет ету міндеттемелеріне қайшы болуы мүмкін жағдайларды болдырмау тетіктерін құру.

**4. Осы Саясат мақсаты:**

1) міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың (зейнетақы төлемдерін алушылардың), нысаналы талаптарға қатысушылардың, нысаналы жинақтарды алушылардың, Қор акционерінің, Қордың мүдделерін қорғау;

2) қолданыстағы және әлеуетті мүдделер дауына жол бермеу және алдын алу;

3) Қордың қолданыстағы және/немесе әлеуетті мүдделер дауын анықтау және басқару.

**5. Осы саясаттың негізгі міндеттері:**

1) Қорда мүдделер дауының туындау жағдайларының уақытылы алдын алу, анықтау және жою;

2) мүдделер дауы туралы ақпарат ашу қағидаттарын белгілеу;

3) Қордың мүдделер дауын анықтау, басқару және реттеу шараларын қолдануы.

5-1. Уәкілетті тұлғаларда туындайтын мүдделер дауын басқару «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатында көзделген ерекшеліктермен осы Саясатпен реттеледі.

**2. Қолданыстағы және әлеуетті мүдделер дауын басқару саясаты**

**§1. Мүдделер дауын тудыратын жағдайларды анықтау**

6. Мүдделер дауы деп Қордың лауазымды тұлғасының немесе қызметкерінің мүддесі олардың шешімдер қабылдау мен міндеттерді орындау объективтілігіне және тәуелсіздігіне әсер етуі, сондай-ақ олардың міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың (зейнетақы төлемдерін алушылардың), нысаналы талаптарға қатысушылардың, нысаналы жинақтарды алушылардың, Қор акционерінің, Қордың мүддесіне орай әрекет ету міндеттемелеріне қайшы болуы мүмкін жағдайлар түсініледі.

7. Қордың лауазымды тұлғаларының немесе қызметкерлерінің мүдделер дауы Қордың лауазымды тұлғасының және/немесе қызметкерінің Қор қызметіне және Қор қызметін қамтамасыз ету бойынша азаматтық-құқықтық шарттар жасау бойынша қызметке байланысты қызметтік міндеттерін жүзеге асыру барысында материалдық немесе жеке пайдасы бар жағдайларда туындауы мүмкін.

8. Қор мұндай қызмет түрлері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен рұқсат етілген және Қордың лауазымды тұлғасы мен қызметкерінің лауазымды міндеттерімен үйлескен жағдайда басқа қызмет түрлеріне Қордың лауазымды тұлғасы мен қызметкерінің қатысу құқығын мойындайды және құрметтейді.

9. Қордың лауазымды тұлғасы және/немесе қызметкері мүдделер дауына апаруы немесе қауіп төндіруі мүмкін немесе міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың (зейнетақы төлемдерін алушылардың), нысаналы талаптарға қатысушылардың, нысаналы жинақтарды алушылардың, Қор акционерінің, Қордың пайдасына және мүддесіне орай шешімдерді қарастырған және қабылдаған кезде Қордың лауазымды тұлғасы және/немесе қызметкері шешімінің тәуелсіздігіне

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының қолданыстағы және әлеуетті мүдделер дауын басқару саясаты	4-бет 10-нан
---	--	--------------

және ағат пікірге әсер етуі мүмкін кез келген жағдайдан және әрекеттен аулақ болуға міндетті. Қор мүддесіне орай әрекет ету міндеті Қордың лауазымды тұлғасының және/немесе қызметкерінің өз өкілеттіктері мен лауазымына байланысты мүмкіндіктерін тек Қор мүддесінде пайдалануы тиістігін көздейді.

10. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатында көзделген жағдайлар Қорда мүдделер дауы деп есептелмейді.

11. Мүдделер дауын тудыратын жағдайлар мынадай санаттарға бөлінеді:

- 1) ішкі мүдделер дауы;
- 2) сыртқы мүдделер дауы.

## §2. Ішкі мүдделер дауы

12. Ішкі мүдделер дауы Қордың уәкілетті тұлғасы және уәкілетті тұлғалар емес қызметкері және/немесе Қор қызметкерлері өзара жақын туыс болған және жоғарыда аталған тұлғалардың бірінің Қор қызметінің мәселелері бойынша шешімді қарастыруы, қабылдауы екіншісіне жеке пайда алып келуі мүмкін жағдайда туындауы мүмкін.

13. Тікелей немесе қызметтік қарамағындағы жақын туыстардың Қордағы бірлескен жұмысы мүдделер дауын тудыруы мүмкін. Осыған орай Қор ~~жақын~~ туыстардың тікелей қарамағында жұмыс істеу жағдайларын Қорда шектеу қағидатын ұстанады, сондай-ақ Қорда отбасылық қолдау көрсетуге тыйым салынады.

14. Қордың ~~лауазымды~~ уәкілетті тұлғасы және қызметкері арасында және/немесе Қор қызметкерлерінің арасында туыстық байланыстың болуы Қор үшін бедел тәуекелін тудырады, Қордың ішкі қызметін бағалау рәсімінің әділдігіне күмән тудырады.

15. Ішкі мүдделер дауын болдырмау үшін Қор қызметкерінің ~~жақын~~ туыс Қордың ~~лауазымды~~ уәкілетті тұлғасының және өзара туыс Қор қызметкерлерінің тікелей қарамағында болуына рұқсат етілмейді.

16. Бұл ретте ~~жақын~~ туыс Қор қызметкерлері өзара байланысы жоқ түрлі бөлімшеде қызмет ететін жағдайларға рұқсат етіледі.

Лауазымдық міндеттерін атқару кезінде мүдделер дауы туындаған жағдайда, жақын туыс Қор қызметкерлері осы Қағиданың 42-тармағын басшылыққа алады.

## §3. Сыртқы мүдделер дауы

17. Сыртқы мүдделер дауы Қор қызметін қамтамасыз ету бойынша азаматтық-құқықтық шарттар жасау мәселелері бойынша шешімдер қарастыру мен қабылдауға тікелей қатысатын Қор қызметкері немесе лауазымды тұлғасы не оның ~~туыстары~~ Қор қызметін қамтамасыз ету бойынша азаматтық-құқықтық шарттарды Қор жасаған және орындаған кезде материалдық немесе жеке пайда алуы мүмкін жағдайда туындауы мүмкін.

Бұл ретте Директорлар кеңесінің Төрағасы және мүшелері, сондай-ақ олардың туыстары Директорлар кеңесі жасалуына қатысты шешім қабылдайтын мәмілелер бойынша ғана сыртқы мүдделер дауына қатысушы ретінде қарастырылады.

18. Үшінші тұлғалармен Қор қызметін қамтамасыз ету бойынша азаматтық-құқықтық шарттар жасаудағы Қордың лауазымды тұлғасының және/немесе қызметкерінің жеке мүддесі деп лауазымдық міндеттерін атқару кезінде оның/олардың үшінші тұлғалардан ақша, құндылық, басқа мүлік түрінде табыс немесе мүліктік сипаттағы қызмет, өзі және/немесе ~~жақын~~ туыстары үшін басқа мүліктік құқықтар алу мүмкіндігі түсініледі.

19. Қор қызметін қамтамасыз ету бойынша азаматтық-құқықтық шарттарды жасау мәселесі бойынша шешімді қарастыру мен қабылдауға туысы Қормен азаматтық-құқықтық

<i>«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ</i>	<i>«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының қолданыстағы және әлеуетті мүдделер дауын басқару саясаты</i>	<i>5-бет 10-нан</i>
--	---	---------------------

шарт бойынша құрылтайшы, акционер, контрагент басшысы немесе өкілі болып тұрған Қордың лауазымды тұлғасы және/немесе уәкілетті тұлғасы қатыспауы тиіс.

20. Қордың лауазымды тұлғасының және/немесе уәкілетті тұлғасының туысқаны болып табылатын немесе туысқаны мүддесін білдіретін контрагентпен Қор қызметін қамтамасыз ету бойынша азаматтық-құқықтық шарттарға Қор атынан қол қоюына рұқсат етілмейді.

#### **§4. Мүдделер дауының алдын алу және мүдделер дауы туындаған кезде Қордың лауазымды тұлғалары және/немесе қызметкерлері қызметінің қағидаттары**

21. Мүдделер дауының алдын алу және мүдделер дауын басқару мақсатында Қор:

- 1) жұмысқа қабылдаған кезде Қордың әрбір лауазымды тұлғасын және қызметкерін Саясатпен таныстыруды қамтамасыз етеді;
- 2) Саясат мазмұнына қатысты Қордың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасында тұрақты түрде насихаттау жұмысын жүргізеді;
- 3) қызметті жүзеге асыру барысында конфиденциалды ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді;
- 4) ішкі бақылауды қамтамасыз етеді;
- 5) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген тәртіппен Саясатта белгіленген талаптар мен шектеулерді сақтамағаны үшін тәртіптік жаза түрлерін белгілейді;
- 6) Қордың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жеке зейнетақы шоттарын және (немесе) шартты зейнетақы шоттарын және (немесе) нысаналы жинақ шоттарын жүргізуге, олардың жеке зейнетақы шоттарына және (немесе) шартты зейнетақы шоттарына және (немесе) нысаналы жинақ шоттарына рұқсаты бар Қордың лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің рұқсатын шектеуге бағытталған шаралар қолданады.

22. Мүдделер дауы жағдайының алдын алу және мүдделер дауын басқару мақсатында Қордың лауазымды тұлғасы және қызметкері:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қордың ішкі нормативтік құжаттарын сақтауға;
- 2) үшінші тұлғалар алдында Қор мүддесін білдіру бойынша өзіне берілген өкілеттік аясында әрекет етуге;
- 3) Саясатта көзделген ережелер мен рәсімдерді сақтауға;
- 4) мүдделер дауының туындауына апарып соқтыратын әрекеттер жасау мен шешімдер қабылдаудан тартынуға;
- 5) заңға қайшы қызметпен айналысуға Қорды тарту мүмкіндігін болдырмауға;
- 6) осы Саясаттың 33-тармағына сай мүдделер дауының туындауына апарып соқтыратын жағдайдың орын алғаны туралы дереу хабарландыруға;
- 7) лауазымдық міндеттерін тәуелсіз әрі адал атқаруға кедергі келтіретін жағдайлардың орын алғаны туралы хабарлауға;
- 8) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қор қызметі туралы ақпаратты ашуға;
- 9) мұндай ақпаратқа рұқсаты бар тұлғалардың ақпаратты жеке мақсаттарда пайдалануының алдын алу шараларын әзірлеуге және жетілдіруге;
- 10) лауазымдық міндеттерін өзінің іскери беделіне, Қордың лауазымды тұлғаларының, ~~Директорлар кеңесінің~~ акционердің және жалпы Қордың іскери беделіне нұқсан келтірмей атқаруға;
- 11) мүдделер дауын есепке алуды жүргізуге жауапты тиісті тұлғаға қызметін жүзеге асыруға көмектесуге;

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының қолданыстағы және әлеуетті мүдделер дауын басқару саясаты	6-бет 10-нан
---	--	--------------

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың ішкі нормативтік құжаттарында көзделген конфиденциалды ақпаратты қорғау түзімін сақтауға;

13) мүдделер дауын бағалау әділдігін қамтамасыз ету және оны тиімді реттеу үшін жағдай жасау мақсатында осы Қағиданың §2, §3 параграфтарында көрсетілген жағдайларда Қор қызметінің мәселелері және/немесе азаматтық-құқықтық шарттар бойынша шешімді қарастыруға және шығаруға қатыспауға міндетті.

23. Қордың лауазымды және уәкілетті тұлғалары, сондай-ақ Қор қызметкерлері өзіне және/немесе жақын туыстарына сыйлық беру туралы шешім қабылдамауы және талап етпеуі, міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың (зейнетақы төлемдерін алушылардың), нысаналы талаптарға қатысушылардың, нысаналы жинақтарды алушылардың, Қор акционерінің, Қордың мүддесін бұзып үшінші тұлғаларға пайда және жеңілдіктер бермеуі, өзінің қызметтік жағдайына қарай Қор беретін қандай да бір артықшылықты өз мақсаттарына және жақын туыстарының мақсаттарына пайдаланбауы тиіс.

24. Қор Басқармасы Қор, Қордың лауазымды тұлғалары, ~~басшы-қызметкерлер~~ уәкілетті тұлғалары және олардың туыстары арасында мүдделер дауының туындауына әсер ететін жағдайдың орын алуына жол бермеудің қажетті шараларын қолданады.

25. Қордың Директорлар кеңесі ұйым ретінде Қор мен Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері арасында туындайтын кез келген мүдделер дауынан аулақ болуға ұмтылады.

26. Қор қолданыстағы және әлеуетті мүдделер дауы бар жағдайлардың туындауының алдын алу мен реттеу және мұқият қарау қағидатын ұстанады. Қор мүдделер дауы туындаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасын және Қордың ішкі нормативтік құжаттарын сақтауға негізделген позицияны ұстанады.

27. Қорда қолданыстағы және әлеуетті мүдделер дауының алдын алу және реттеу міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың (зейнетақы төлемдерін алушылардың), нысаналы талаптарға қатысушылардың, нысаналы жинақтарды алушылардың, Қор акционерінің, Қордың құқықтарын сақтау мен қорғауды және Қордың іскери беделі мен мүліктік мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге бірдей мүмкіндік береді.

28. Мүдделер дауының алдын алу және реттеу бойынша тиімді жұмыс – егер олар Қорда орын алса немесе орын алуы мүмкін болса, мұндай дауды барынша толық әрі тезірек анықтау және Қордың барлық органының іс-әрекетін нақты үйлестіру.

29. Мүдделер дауы туындаған кезде Қордың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері қызметінің негізгі қағидаттары:

1) адалдық. Қордың барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері мүдделер дауының белгілері бар Қор қызметінің мәселелері және/немесе азаматтық-құқықтық шарттар жасау бойынша шешім қабылдау тәжірибесі туралы хабардар. Осыған орай Қордың лауазымды тұлғасы мен қызметкері мүдделер дауының белгілері бар Қор қызметінің мәселелері және/немесе азаматтық-құқықтық шарттар жасау бойынша шешім қабылдау рәсімдерінің барлығын мүлтіксіз сақтауға міндетті;

2) уақытылы болу. Қор қызметінің мәселелері және/немесе азаматтық-құқықтық шарттар жасау бойынша мүдделер дауының туындау дерегі туралы жоғарғы буынның тиісті басшысына және ішкі аудит бөлімшесіне бұл мәселелер бойынша шешім қабылдағанға дейін хабарлау. Бұл ретте мүдделер дауының орын алғаны туралы хабарлама мерзімі Қор қызметінің мәселелері және/немесе азаматтық-құқықтық шарттар жасау бойынша өлшенген шешім қабылдау үшін жеткілікті болуы тиіс;

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының қолданыстағы және әлеуетті мүдделер дауын басқару саясаты	7-бет 10-нан
---	--	--------------

3) ашықтық. Мүдделі Қор қызметінің мәселелері және/немесе азаматтық-құқықтық шарттар жасау бойынша ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қордың басқару органдарына ашылады.

## **§ 5. Қолданыстағы немесе әлеуетті мүдделер дауы бойынша жағдайларды анықтау, тіркеу, есепке алу мен мониторинг жүргізу және олардың құжат айналымы**

30. Қордың уәкілетті тұлғалары мен қызметкерлері мүдделер дауын болдырмау мақсатында міндетті түрде өзі және жақын туыстары туралы мәлімет береді.

31. Көрсетілген мәліметтер қызметкерлерді басқару бөлімшесіне беріледі және Қордың уәкілетті тұлғалары мен қызметкерлерінің жеке істерінде сақталады. Болған кезде мәлімет жеке папкада қағазбен не электрондық тасымалдағышта сақталады.

Мәлімет тізбесі, беру тәртібі және нысаны Қорда кадрлық іс жүргізуді реттейтін ішкі нормативтік құжатпен белгіленеді.

31-1. Қызметкерлерді басқару бөлімшесі мүдделер дауын басқару аясында:

1) қызметкер берген ақпарат негізінде Қорда жұмыс істейтін туыстарының тізімін жүргізеді;

2) өз бөлімшесінде туыстар тізімін жүргізуге жауапты қызметкерді анықтайды;

3) Қор Басқармасына тоқсан сайын мүдделер дауына мониторинг жүргізу нәтижесін (болған кезде) береді.

31-2. Қызметкерлерді басқару бөлімшесінің басшысы мүдделер дауын есепке алу қызметін жүзеге асыруға жауапты қызметкерді тағайындайды анықтайды.

31-3. Қызметкерлерді басқару бөлімшесі туралы ереже және осы Саясаттың 31-2 тармағында көрсетілген қызметкердің лауазымдық нұсқаулығы Қордағы мүдделер дауын есепке алу қызметін қамтуы тиіс.

32. Қор бөлімшелерінің қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары өз қызметіндегі қолданыстағы және әлеуетті мүдделер дауын уақытылы анықтауды және оларды жою бойынша шаралар қолдануды қамтамасыз етуі тиіс.

33. Қорда қолданыстағы немесе әлеуетті мүдделер дауы туындаған, анықталған және ашылған жағдайда, Қордың лауазымды тұлғасы немесе қызметкері бұл туралы өзіне белгілі болысымен бұл туралы жазбаша:

1) мүдделер дауын есепке алу үшін қызметкерлерді басқару бөлімшесіне;

2) мүдделер дауын реттеудің тиісті шараларын қолдану үшін тікелей басшысына/Қор органына, атап айтқанда:

бөлімшелердің қызметкерлері – тікелей бөлімше басшысына;

ішкі аудит қызметін қоспағанда, бөлімшелердің басшылары – филиалдардың/орталық аппараттың құрылымдық бөлімшесінің қызметіне жетекшілік ететін лауазымды тұлғаға;

Қор Басқармасының Төрағасы немесе мүшесі емес Қор комитетінің төрағасы – Басқарма Төрағасына;

Қор Басқармасының Төрағасы немесе мүшесі емес Қор комитетінің мүшелері – Комитет төрағасына;

Басқарма мүшесі емес басқарушы директор – тікелей басшысына;

Басқарма Төрағасы және мүшелері – Директорлар кеңесіне;

Директорлар кеңесінің Төрағасы және мүшелері – Директорлар кеңесіне хабарлауы тиіс.;

34. Қолданыстағы немесе әлеуетті мүдделер дауын анықтау дерегін қарастыру рәсімін бастау негіздемесі:

1) осы Саясаттың 1-қосымшасына сай нысан бойынша дауға қатысушының өтініші (бұдан әрі – Өтініш);

<i>«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ</i>	<i>«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының қолданыстағы және әлеуетті мүдделер дауын басқару саясаты</i>	<i>8-бет 10-нан</i>
--	---	---------------------

2) ішкі аудит бөлімшесінен, қауіпсіздік бөлімшесінен, тәуекелдерді басқару бөлімшесінен, қызметкерлерді басқару бөлімшесінен түсіп, аталған бөлімшелер қызметін жүзеге асыру барысында анықталған осы Саясаттың 2-қосымшасына сай нысан бойынша мүдделер дауы туралы мәлімет (бұдан әрі – Мәлімет);

3) еркін нысандағы лауазымды тұлғалардан жазбаша хабарлама.

35. Өтініш, Мәлімет, жазбаша хабарламаны осы Саясаттың 33-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген Қор органы немесе басшылары қарастыруы тиіс.

Мәліметті қауіпсіздік бөлімшесі мен заң бөлімшесі алдын ала келісуі тиіс. Мәлімет бастамашысы қауіпсіздік бөлімшесі болса, алдын ала заң бөлімшесімен ғана келісілуі тиіс.

36. Бұл дау бұрын қарастырылған және ол бойынша тиісті шешім шығарылған жағдайда ғана осы Саясаттың 34-тармағында көрсетілген құжаттарды қабылдаудан бас тартылуы мүмкін.

37. Қордың уәкілетті тұлғасының және/немесе қызметкерінің қолданыстағы мүдделер дауын есепке алу қызметкерлерді басқару бөлімшесіне жүктеледі.

38. Мүдделер дауын есепке алу барысында қызметкерлерді басқару бөлімшесі мүдделер дауын ашу мен бағалауға, сондай-ақ оларды реттеу туралы шешімге қатысты материалдар қосылатын мәліметтерді жинайды, сақтайды және мониторинг жүргізеді. Көрсетілген құжаттар қызметкерлерді басқару бөлімшесінде қағаз тасымалдағышта не электрондық түрде сақталады.

38-1. Өтініш, Мәлімет түскен жағдайда, қызметкерлерді басқару бөлімшесінің жауапты қызметкері:

1) осы Саясаттың 3-қосымшасына сай нысан бойынша журналға тіркеу арқылы мүдделер дауы туралы ақпарат жинайды;

2) мүдделер дауын ашуға және бағалауға байланысты материалдарды сақтайды;

3) мүдделер дауын реттеу туралы осы Қағиданың 33-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тұлғалардан ақпарат алу арқылы мүдделер дауына мониторинг жүргізеді.

38-2. Қызметкерлерді басқару бөлімшесі Өтінішті, Мәліметтерді, жазбаша хабарламаны, сондай-ақ уәкілетті тұлғалардың мүдделер дауын ашуға, бағалауға және реттеуге байланысты кез келген басқа ақпарат пен материалдарды келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс бөлімшесіне жібереді.

39. Қордың уәкілетті тұлғасының және/немесе қызметкерінің қолданыстағы мүдделер дауын есепке алу аясында қызметкерлерді басқару бөлімшесі мүдделер дауына мониторинг жүргізу нәтижесін және оларды шешу қорытындысы туралы ішкі аудит бөлімшесіне тоқсан сайын жеткізеді (болған кезде).

### **3. Қолданыстағы және әлеуетті мүдделер дауы бойынша реттеу және шешімдерді қабылдау рәсімдері**

40. Қордың лауазымды тұлғасы мен қызметкері өз қызметін міндетті зейнетақы жарналары салымшылары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалар (зейнетақы төлемдерін алушылар), нысаналы талаптарға қатысушылар, нысаналы жинақтарды алушылар, Қор акционері, Қор мүдделерінің басымдылығын қатаң сақтап, адалдық, шыншылдық, қажет ақпаратты толық ашу қағидаттарында жүзеге асыруға міндетті.

40-1. Қордың лауазымды тұлғасы және қызметкері өз қызметінде мүдделер дауын болдырмайды, мүдделер дауын уақытылы анықтау мен оларды жою шараларын қолдануды қамтамасыз етеді.

41. Анықталған мүдделер дауын реттеу мақсатында Қордың лауазымды тұлғасы мен қызметкері осы Саясаттың 33-тармағында көзделген іс-әрекетті жүзеге асырады.

42. Мүдделер дауына апарып соқтыруы мүмкін Қор қызметінің мәселесі және/немесе



«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының қолданыстағы және әлеуетті мүдделер дауын басқару саясаты	9-бет 10-нан
---	--	--------------

Қор қызметін қамтамасыз ету бойынша азаматтық-құқықтық шарт жасау бойынша шешім қабылдауға мүдделі тұлға болса, комитет мүшесі болып табылатын Қордың лауазымды тұлғасы және/немесе қызметкері Қор қызметінің мәселесі және/немесе Қор қызметін қамтамасыз ету бойынша азаматтық-құқықтық шарт жасау бойынша шешім қарастыруға және қабылдауға қатыса алмайды.

Қор қызметінің мәселесі және/немесе Қор қызметін қамтамасыз ету бойынша азаматтық-құқықтық шарт жасау бойынша шешім қабылдауға Қордың лауазымды тұлғасының және/немесе қызметкерінің мүдделі болуы деп:

- 1) контрагентпен жақын туыстығының болуы;
- 2) контрагентке жеке мақсаттарда қандай да бір пайда немесе жеңілдік беру;
- 3) контрагентке жеке мақсаттарда қызметтік жағдайына орай қандай да бір артықшылықтар беру;
- 4) контрагенттен өзіне немесе олардың туыстарына сыйлық тапсыруды талап ету;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың ішкі нормативтік құжаттарында көзделген басқа жағдайлар түсініледі.

Жоғарыда аталған жағдай орын алған кезде комитет мүшесі болып табылатын Қордың лауазымды тұлғасы және/немесе қызметкері мүдделер дауының ықпалындағы немесе ықпалында болуы мүмкін мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үдерісіне және талқылауға қатысудан ерікті түрде шет қалуға (үнемі немесе уақытша) міндетті.

43. Қор мен оның қызметкері арасында, жақын туыс Қор қызметкерлері арасында мүдделер дауы туындаған жағдайда, Саясаттың 33-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тұлғалар мүдделер дауын реттеудің мынадай шараларын қолданады:

- 1) Қор қызметкерінің жеке мүддесіне қатысы болуы мүмкін Қордың нақты ақпаратына Қор қызметкерінің рұқсатын шектеу;
- 2) мүдделер дауының ықпалындағы немесе ықпалында болуы мүмкін мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үдерісіне және талқылауға қатысудан Қор қызметкерінің ерікті түрде бас тартуы немесе оны шеттету (үнемі немесе уақытша);
- 3) Қор қызметкерінің міндеттері мен еңбек қызметтерінің аясын қайта қарау және өзгерту;
- 4) Қор қызметкерін мүдделер дауына байланысты емес еңбек қызметтерін орындауы көздейтін лауазымға ауыстыру (қызметкердің келісімімен);
- 5) қызметкердің бастамасымен Қор қызметкерін жұмыстан босату.

44. Қор қызметінің мәселелері бойынша мүдделер дауы бар жағдай болған кезде шешім қабылданған жағдайда, қабылданған шешім Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қордың ішкі нормативтік құжатына сәйкес бағаланады.

45. Азаматтық-құқықтық шарт мүдделер дауы бар жағдай болған кезде жасалған жағдайда, бұл азаматтық-құқықтық шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қордың ішкі нормативтік құжатына, сондай-ақ тауар, жұмыс немесе қызметтің нарықтық құнына сәйкес бағаланады және азаматтық-құқықтық шарттың нарықтық құнын бағалау оған ұқсас басқа азаматтық-құқықтық шарт құнымен салыстыру арқылы жүзеге асырылады.

46. Қор және Қордың Басқарма Төрағасы және/немесе мүшесі арасында мүдделер дауының жағдайы туындаған кезде:

- 1) Қордың Басқарма Төрағасы және мүшелері өздері үшін және Қор үшін маңызды қолданыстағы немесе әлеуетті мүдделер дауы бойынша жағдай туралы дереу хабарлауға міндетті. Қор қызметінің мәселесі және/немесе азаматтық-құқықтық шарт жасау бойынша шешім қабылдауға мүдделі тұлға болып табылатын Қордың Басқарма мүшесі хабарламаны Қордың Директорлар кеңесіне жеткізеді.

Қор қызметінің мәселесі және/немесе азаматтық-құқықтық шарт жасау бойынша шешім

<i>«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ</i>	<i>«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының қолданыстағы және әлеуетті мүдделер дауын басқару саясаты</i>	<i>10-бет 10-нан</i>
--	---	----------------------

қабылдауға мүдделі тұлға болып табылатын Қордың Басқарма мүшесі мүдделер дауының болуы туралы хабарламаны корпоративтік хатшы арқылы жазбаша Қордың Директорлар кеңесіне жеткізеді;

2) Қор және Қордың Басқарма мүшелерінің арасында мүдделер дауының белгілері бар Қор қызметінің мәселесі және/немесе азаматтық-құқықтық шарт жасау бойынша шешім Қордың Директорлар кеңесі оларды қарастырған және мақұлдаған соң ғана қабылданады.

47. Қор Басқармасының Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қор Жарғысына сәйкес Қордың Директорлар кеңесінің, Қор акционерінің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ Қордың Директорлар кеңесінің, Қор акционерінің шешімдеріне қайшы шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

48. Қор және Қордың Директорлар кеңесінің Төрағасы және/немесе мүшесі арасында Директорлар кеңесінің қарастыруына шығарылатын мәселелер бойынша мүдделер дауының жағдайы туындаған кезде:

1) Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі қолданыстағы немесе әлеуетті мүдделер дауы туралы дереу Қордың Директорлар кеңесіне корпоративтік хатшы арқылы жазбаша хабарлауға міндетті;

2) мүдделер дауы туралы ақпарат берген кезде Қордың Директорлар кеңесі: мәселені қарастыруы; мүдделер дауы белгілерінің болуын анықтауы;

Қор қызметінің мәселесі және/немесе азаматтық-құқықтық шарт жасау бойынша шешімді Қордың Директорлар кеңесі мүшесінің қатысуымен/қатысуынсыз қабылдауға болатыны туралы шешім қабылдауы тиіс. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесі оның Қормен мүдделер дауы туындайтын мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға қатыстырылмайды;

3) Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі мен Қор арасындағы мүдделер дауының белгілері бар Қор қызметінің мәселесі және/немесе азаматтық-құқықтық шарт жасау бойынша шешімді қабылдау Қордың Директорлар кеңесі оларды мақұлдаған соң ғана жасалуы мүмкін.

Қордың Директорлар кеңесі қабылдаған шешім туралы ақпаратты Қордың Басқарма Төрағасы Қордың акционеріне жеткізеді.

49. Қордың Директорлар кеңесінің Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қор Жарғысына сәйкес Қор Басқармасының және Қор акционерінің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ Қор акционерінің шешіміне қайшы келетін шешім қабылдауға құқығы жоқ.

### 3-2. Мүдделер дауын қадағалау тәртібі

49-1. Қордың Директорлар кеңесі лауазымды тұлғалар мен акционер деңгейінде әлеуетті мүдделер дауын, оның ішінде Қор меншігін заңсыз пайдалану және Қордың Директорлар кеңесі жасау бойынша шешім қабылдайтын мәмілелерді жасау кезінде асыра пайдалануды қадағалап, мүмкіндігінше жойып отыруы тиіс.

49-2. Лауазымды тұлғалар мен акционер деңгейінде әлеуетті мүдделер дауын қадағалау мен жоюды Директорлар кеңесі ~~Қордың Басқарма Төрағасынан~~ осы Саясаттың талаптарына сәйкес мұндай мүдделер дауы туралы ақпарат алу арқылы, сондай-ақ Қордың Директорлар кеңесі жасау бойынша шешім қабылдайтын мәмілелерді қарастыру кезінде жүзеге асырады.

49-3. Қордың лауазымды тұлғалары, акционер деңгейінде мүдделер дауы болған кезде корпоративтік хатшы Директорлар кеңесіне осы Саясаттың 46-тармағының 1) тармақшасына, 48-тармағының 1) және 3) тармақшаларына сәйкес алған ақпаратты корпоративтік хатшы алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей жеткізеді.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының қолданыстағы және әлеуетті мүдделер дауын басқару саясаты	11-бет 10-нан
---	--	---------------

#### 4. Жауапкершілік

50. Қордың лауазымды тұлғасы мен қызметкерлері осы Саясат талаптарын сақтау үшін дербес жауапты.

51. Қордың лауазымды тұлғасы мен қызметкерлерінің өздеріне белгілі мүдделер дауы жағдайларының алдын алу және реттеу шараларын қолданбағаны үшін тәртіптік жауапкершілігі болады.

52. Белгілі бір жағдайларда осы Саясатта көзделген ережелер мен рәсімдерді сақтамау азаматтық-құқықтық, әкімшілік немесе қылмыстық қудалау шараларына апарып соқтырады.

53. Қордың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мүдделер дауы болған кезде жасалған азаматтық-құқықтық шарт жасау және/немесе Қор қызметінің мәселелері бойынша қабылданған шешім нәтижесінде міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың (зейнетақы төлемдерін алушылардың), нысаналы талаптарға қатысушылардың, нысаналы жинақтарды алушылардың, Қор акционерінің, Қордың мүддесіне келтірілген зиянды өтеу бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілігі болады.

53-1. Қор осы Саясат бұзылды деп санауға негізі бар немесе мұндай бұзудың әлеуетті мүмкіндігі бар Қордың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері бұл туралы осы Саясатты бұзған немесе бұзуға әлеуетті мүмкіндігі бар тұлғалардың тікелей басшыларына дереу хабарлайды деп күтеді.

53-2. Қор осы Саясат талаптарын сақтауға немесе Қорға осы Саясатты әлеуетті немесе орын алған бұзу туралы хабарлауға байланысты Қордың бір де бір қызметкерді жауапқа тартпайтынына және Қор бастамасымен басқа қолайсыз салдарға ұшырамайтынына кепілдік береді.

53-3. Осы Саясат талаптарын орындамау тәртіптік теріс қылық деп қарастырылып, лауазымды тұлғаны немесе қызметкерді тәртіптік жауапкершілікке тартуға негіз болуы мүмкін.

#### 5. Қорытынды ережелер

54. Саясатқа өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Қордың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес қажеттілігіне қарай енгізіледі.

55. Саясат ережелерін Қордың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері қатаң сақтауы тиіс.

56. Осы Саясатта тікелей реттелмегеннің барлығында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптары мен нормаларын және Қордың ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алу керек.

57. Осы Саясаттың өзекті мазмұнына Заң департаменті жауапты.

**Басқарма Төрайымы**

**Н. Наурызбаева**

<i>«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ</i>	<i>«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының қолданыстағы және әлеуетті мүдделер дауын басқару саясаты</i>	<i>12-бет 10-нан</i>
--	---	----------------------

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 28 сәуірдегі №3 хаттамасымен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының қолданыстағы және әлеуетті мүдделер дауын басқару саясатына 1-қосымша

Нысан

### Мүдделер дауы туралы өтініш

Кімге: \_\_\_\_\_  
(тікелей басшының лауазымы, Т.А.Ә./Қор органы)

Көшірме: \_\_\_\_\_ басшысы \_\_\_\_\_  
(қызметкерлерді басқару бойынша бөлімше атауы, Т.А.Ә.)

Кімнен: \_\_\_\_\_  
(лауазымы, Т.А.Ә.)

Мүдделер дауының санаты: \_\_\_\_\_  
(ішкі/сыртқы мүдделер дауы)

Мүдделер дауының сипаты: \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Мүдделер дауын реттеу шаралары: \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Күні: \_\_\_\_\_  
Қолы: \_\_\_\_\_

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 28 сәуірдегі №3 хаттамасымен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының қолданыстағы және әлеуетті мүдделер

<i>«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ</i>	<i>«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының қолданыстағы және әлеуетті мүдделер дауын басқару саясаты</i>	<i>13-бет 10-нан</i>
--	---	----------------------

дауын басқару саясатына 2-қосымша

Нысан

Мүдделер дауы туралы мәлімет

Кімге: \_\_\_\_\_  
(тікелей басшының лауазымы, Т.А.Ә./Қор органы)

Кімнен: \_\_\_\_\_ басшысы \_\_\_\_\_  
(бөлімше атауы, Т.А.Ә.)

\_\_\_\_\_ келісілді  
(қауіпсіздік бөлімшесінің және (немесе) заң бөлімшесінің атауы)

Мүдделер дауының санаты: \_\_\_\_\_  
(ішкі/сыртқы мүдделер дауы)

Мүдделер дауының сипаты: \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Мүдделер дауын реттеу шаралары: \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Күні: \_\_\_\_\_

Қолы: \_\_\_\_\_

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 28 сәуірдегі №3 хаттамасымен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының қолданыстағы және әлеуетті мүдделер дауын басқару саясатына 3-қосымша

<i>«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ</i>	<i>«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының қолданыстағы және әлеуетті мүдделер дауын басқару саясаты</i>	<i>14-бет 10-нан</i>
--	---	----------------------

Нысан

«БЖЗҚ» АҚ-да мүдделер дауын тіркеу журналы

№	Т.А.Ә. лауазымы	Мүдделер дауы	Орын алған күн	Реттеу шаралары
1	2	3	4	5

».

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының қолданыстағы және әлеуетті мүдделер дауын басқару саясаты	15-бет 10-нан
---	--	---------------

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының қолданыстағы және әлеуетті мүдделер дауын басқару саясатын келісу парағы**

Лауазым атауы	Аты-жөні	Қолы	Қол қойылған күн	Ескертпе
Басқарушы директор	Утегулов М.А.			
Заң департаментінің директоры	Медельбекова А.М.			
Ішкі аудит қызметінің директоры	Кошербаева А.М.			
Тәуекелдерді басқару департаментінің директоры	Әмірғалиева Л.Е.			
Қызметкерлерді басқару департаментінің директоры	Ильясова А.Р.			
Қауіпсіздік департаментінің директоры	Артыкбаев М.А.			